

Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған 2010 жылғы 27 сәуірдегі "Аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" № 109/2 қаулысының күші жойылған деп тану туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 201/4 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫӨТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған, 2010 жылғы 27 сәуірдегі "Аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары туралы" № 109/2 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 27 мамырдағы № 12-13-105 болып тіркелді, 2010 жылғы 3 маусымдағы аудандық № 22 "Маралды" және "Трибуна" газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Р. Негманова